Бекітілді:
«Ердостық-2017» ЖШС
«Болашақ» балабақшасы
м.а. Ж.Базар
«01» 09 2026 ж.

ЖШС «Ердостық-2017» «Болашақ» балабақшасы
қамқоршылық кеңес жұмысының жұмыс жоспары
2026-2027 оқу жылы

Уақыты	Атқарылатын іс-шаралар	Жауаптылар
Қыркүйек	1.Қамқоршылық кеңес құру және бекіту, мүшелерін сайлау: 2. Қамқоршылық кеңес жұмыс жоспарын құру және бекіту; 3. Балабақшаның материалдық техникалық базасын сақтау және нығайту.Жаңа оқу жылына дайындық сапасы. 4.Сапалы ыстық тамақты ұйымдастыру және бақылауға алу; 5. Балабақша ғимаратының қысқа дайындығы. 6. Қамқорға алынған балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру, әлеметтік көмек көрсету, тәрбиешілермен бірлескен жұмыс.	Қамқоршылық кеңес мүшелері
Қараша	Жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және өткізуге көмек көрсету.	Қамқоршылық кеңес мүшелері
Желтоқсан	1. Балабақшаның 2026-2027 оқу жылына бағдарламалық-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуін қарастыру. 2. Қысқы учаскелерді қардан тазалауға ата-аналардың қатысуын ұйымдастыру.	Қамқоршылық кеңес мүшелері
Қаңтар	1.Балабақша басшысының қызметі туралы I жартыжылдық есебі. 2.Топтардың санитарлық жағдайын бақылау.	Қамқоршылық кеңес мүшелері
Ақпан	1.Қамқоршылық Кеңесінің қорғаныс-бұқаралық және спорт айлығын өткізу. 2.Демеушілік жарналар есебінен бюджеттен тыс қаражатты тарту және оларды ұтымды пайдалану туралы	Қамқоршылық кеңес мүшелері
Сәуір	1.Ашық есік күнін ұйымдастыруға және өткізуге ат салысу. 3. Жұмыстағы жетістіктері үшін мекеме қызметкерлері қатарынан марапаттау кандидаттарын қарау.	Қамқоршылық кеңес мүшелері
Мамыр	1.Жаз мезгіліне топтарды және учаскелердегі жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру. 2.2026-2027 оқу жылына қорытынды жасау. Жазғы демалысты ұйымдастыру. 4. Балаларды қорғау күніне арналған мерекені ұйымдастыруға және өткізуге ат салысу. 5. Атқарылған жұмыстардың нәтижелілігін қарау, талдау.	Қамқоршылық кеңес мүшелері

ЖШС «Ердостық-2017» «Болашақ» балабақшасы 2026-2027 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің ережесі

1. Жалпы ережелер

Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің бұл ережесі оқу-тәрбие үрдісінің жақсаруын арттыруға, балабақшаның барлық кеңестерінің мүшелерін іс-шараларды ұйымдастырып, қатыстыртуға, өзін-өзі басқару жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құрылып, қабылданды.

2. Қамқоршылық кеңесінің мақсаты мен міндеттері:

2.1.Қамқоршылық кеңесі балабақшаға тәрбие мен оқыту жұмысында, материалды-техникалық қамтамасыз етуді және оқу-тәрбие мен инновациялық үрдісті жақсартуға септігін тигізуге құрылған.

2.2.Қамқоршылық кенестің міндеттері:

- білім жүйесінде оқыту мен тәрбие үрдісінде практикалық көмек көрсету;
- балалар, ата-аналар және педагогтар арасында бірікккен жұмыста жайлы жағдай жасау;
- балалардың шығармашылық, интеллектуалдық және рухани қабілеттерін арттыруға жағдай жасау;
- оқу-тәрбие үрдісінің жұмысын жақсартуды қамтамасыз ету;
- материалды-техникалық қамтамасыз етуді нығайту;

2.3.Қамқоршылық кеңесі өз қалауымен, тең құқылы, заңды, ашықтықта еркіндік ұғымымен жұмыс істейді.

3. Қамқоршылық кеңесінің жүйесі.

Қамқоршылық кеңесінің құру тәртібі және оның мүшелерін сайлау Балабақша әкімшілігінің шешімімен бекітіледі.

Қамқоршылық кеңестің мүшелерінің саны 9 адамнан аспауы қажет.

Қамқоршылық кеңеске балабақшаның және ата-аналар комитетінен сайланған 9 адам құрамына кіреді. Қамқоршылық кеңестің құрамына : ата-аналар, мемлекеттік органдардың өкілдері, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері, компания, жеке кәсіпкерлер мен ғылыми орта, баспасөз қызметкерлері, педагогикалық қызметкерлер, балабақшаның дамуына және дамытуға құлықты адамдар кіре алады.

Балабақша жарғысы бойынша қамқоршылық кеңестің жұмыс мерзімі 1 жыл.

Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің жұмысы мерзімінен бұрын қамқоршылық кеңестің мүшелерінің сұрауы бойынша, өз міндеттерін денсаулықтарына байланысты орындай алмай және орындамаған жағдайда, қамқоршылық кеңестің жазбаша түрде мәлімдеген кезде аяқталуы мүмкін.

Қамқоршылық кеңестің шешімдері жазбаша түрде жазылып, безендіріледі, оны қарауға балабақша әкімшілігіне жібереді. Шешім 1/3 мүшелерінің дауысымен қабылданды деп есептелінеді.

Қамқоршылық кеңестің бірінші отырысын ата-аналар комитетінің төрағасы өткізеді, бұл отырыста кеңестің төрағасы, орынбасары, хатшысы

және ревизиялық комиссия мүшелері сайланады. Аталған лауазымдарға педагогикалық кеңестің ұсынған мүшелері сайлана алмайды.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы болып қамқоршылық кеңестің мүшесі емес балабақша қызметкерін қамқоршылық кеңеспен тағайындалады, ол қоғамдық бастама ретінде өз құзырындағы жұмысты бақылап, отырыстарды дайындап өткізуге, қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдарын қамтамасыз етеді, материалдарды басқалардың көруіне бақылау жасайды.

4. Қамқоршылық кеңестің құқықтары:

4.1. Балабақшаның тәрбие жұмысының жоспарына өз ұсыныстарын енгізуге;
4.2 Қазақстан Республикасының заңдары негізінде финансты шаруашылық жұмысына қатысуға, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізуге;
4.3. Оқу- тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуы туралы балабақша әкімшілігінің есебін, бюджеттік және бюджеттік емес кірістердің қолданылуы туралы есептерді тыңдауға;
4.4. Балабақшаның оқу-тәрбие үрдісіне қатысуға;
4.5. Бюджеттік және бюджеттік емес кірістердің қолданылуы туралы құжаттармен танысуға және ұсыныс жасауға;
4.6. Балабақша жарғысына өзгертулер мен толықтырулар ұсынуға;
4.7. Қор құруға, қамқоршылық кеңесінің финанстық кірістері Қазақстан Республикасының заңына қарсы келмейтін өз еркімен жеке және заңды тұлғалардан түскен қаржыдан тұрады;

5. Қамқоршылық кеңестің міндеттері:

5.1 Түскен финанстық қаржыны мақсатты түрде қолдану;
5.2 Осы ережеге сәйкес қамқоршы кеңесінің атқаруға тиісті міндеттерін орындауын талап ету;

6. Қамқоршылар кеңесі отырысының өткізілу тәртібі :

6.1 Қамқоршылар кеңесінің отырысы кварталына бір рет өткізіледі;
6.2 Қамқоршылар кеңесінің отырысы оның төрағасымен, қамқоршылар кеңесінің мүшелерімен, балабақша әкімшілігімен шақырыла алады;
6.3 Шақыру тәртібі және қамқоршылар кеңесінің отырысының өткізілуі балабақша әкімшілігінің бұйрығымен бекітіледі;
6.4 Қамқоршылар кеңесінің отырысы, егер оның барлық мүшелері отырыс өткізілетін уақыты мен жерін хабарланған уақытта толық қанды деп есептеледі;
6.5 Дауыс беруде қамқоршылар кеңесінің әрбір мүшесінде бір дауыстан бар. Егер дауыс беру тең жағдайда болғанда шешуші дауысты қамқоршылар кеңесінің төрағасы өз даусымен шешеді;

7. Қамқоршылар кеңесінің төрағасы:

7.1 Қамқоршылар кеңесінің төрағасы бірінші отырыста құпия дауыспен сайланады. Сайлану уақыты 1 жыл
7.2 Құқықтары:
- өз міндеттерін қоғамдық бастама ретінде жүргізеді;
- жергілікті басқару органдары, ұжымдар, ұйымдармен араласып, олардың алдында қамқоршылар кеңесін ұсынады;
- қамқоршылар кеңесінің жұмыстарын ұйымдастырады, басқарады
- қамқоршылар кеңесінің қабылдаған шешімдеріне қол қояды

- қамқоршылар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есебін дайындайды
- балабақша әкімшілігімен байланыста болады

8. Қамқоршылық кеңестің мүлкі мен қаржысы

8.1. Қамқоршылық кеңестің қаржысы оның мақсаттары мен міндеттеріне сай жұмсалады;

8.2. Жұмсалған қаржы туралы оның салымшыларын ақпараттандырып отырады;

9. Қарама қайшылықтар

9.1. Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесі балабақша жұмысы үшін аянбай еңбек етуге міндетті. Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесі шешім қабылдағанда өз жеке басын ойлап, балабақшаның коммерциялық мүмкіндіктеріне қол сұқпауы керек.

9.2. Қамқоршылық кеңесі мүшелер арасындағы қарама қайшылықтар және оны шешу туралы жағдайды балабақша әкімшілігіне хабарлауы міндетті.

9.3. Егерде қарама қайшылықтар шешілмеген жағдайда, оны шешу балабақша әкімшілігіне қарауға беріледі.

10. **Қамқоршылық кеңестің таратылуы.**

10.1. Қамқоршылық кеңестің таратылуы балабақша әкімшілігінің шешімімен бекітіледі.

10.2. Қамқоршылық кеңестің қаржысы таратылғаннан кейін құрылған жоспар бойынша орындалатын жұмыстарды жалғастыру үшін таратылу комиссиясына тапсырылады.

«Ердостық-2017»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі «Болашақ»
балабақшасы

Қосшы қаласы, Сарқырама
көшесі, 33 үй

Товарищество с ограниченной
ответственностью «Ердостық-
2017 детский сад «Болашақ»

Город Қосшы, ул. Сарқырама33

«09» қыркүйек 2026 ж.

Қосшы қаласы

Қамқоршылық кеңес мүшелерін бекіту туралы

«Білім туралы» ҚР Заңының 44-б. 9-т. сәйкес; «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 27.07.2017 ж. № 355 бұйрығының негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1.«Болашақ» балабақшасы «Ердостық -2017» ЖШС білім беру ұйымдарын алқалы басқару нысандарының бірі ретін құрамы мынадай қамқоршылық кеңес құрылсын:

Қамқоршылық кеңес төрайымы – Нұртаева Д

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. «Жұлдыз» тобы – Нұрахметова Д
2. «Еркетай» тобы- Габдуллина
3. «Қошақан» тобы –Тасмаганбетова Г.
4. «Аққу» тобы - Е.Әлібек

2. Қамқоршылық кеңес хатшысы – А.Садықова

3. Үлгілік қағидалар мен 2026 -2027 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес Қамқоршылық кеңес мүшелерімен әрекеттестікте болуды бұйырамын.

Меңгеруші Ж.Базар

ЖШС «Ердостық-2017» «Болашақ» балабақшасы
қамқоршылық кеңестің болжамдық құрамы

№	Қамқоршылық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты	Жұмыс орны, қызметі
1	Ә.Балғабаева	Меңгеруші
2	Е.Әділбек	балабақша тәрбиешісі
3	Ә.Нұрахметова	ИП Асылхан сатушы
4	И.Садыкова	жұмыссыз
5	Е.Нұртаева	Халық банк менеджер
6	Г.Габдуллина	Жанұя медбике
7	Ж.Тасмаганбетова	жұмыссыз
8	А.Капышева	Жанұя аспаз
9	А.Амренова	Магнум кассир

ЖШС «Ердостық -2017»
«Болашақ» балабақшасы
қамқоршылық кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

16.09.2025 ж. Қатысқаны : 9

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылық кеңесті құру, бекіту және оның мүшелерін сайлау.
2. Қамқоршылық кеңестің жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру және бекіту.
3. Балабақшаның материалдық-техникалық базасын сақтау, нығайту және жаңа оқу жылына дайындық сапасын сараптау.
4. Балабақшада сапалы ыстық тамақты ұйымдастыруды қамтамасыз ету және оны тұрақты бақылауға алу.
5. Балабақша ғимаратының қысқы жылыту маусымына дайындығын тексеру.

ТЫҢДАЛДЫ:
Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Балғабаева сөз алып, Қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеттерін, оның мектепке дейінгі ұйымның ашықтығы мен тиімділігін арттырудағы орнын түсіндіріп өтті. Ата-аналар мен педагогикалық ұжым арасынан Кеңес құрамына үміткерлер ұсынылды.
СӨЙЛЕДІ:
Ата-аналар Қуанышбек Б, Адахан Г Қамқоршылық кеңестің төрағалығына Әділбек Е кандидатурасын, ал хатшылыққа Әділбекова А кандидатурасын ұсынды.

Екінші мәселе бойынша жаңадан сайланған Қамқоршылық кеңес төрағасы Әділбек Е сөз алып, жыл бойына жоспарланған іс-шаралар, балабақшаның оқу-тәрбие процесіне қолдау көрсету, рейдтер ұйымдастыру және қайырымдылық акцияларын өткізу бағытталған жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды.

Үшінші мәселе бойынша балабақшаның меңгерушіс Ж.Базар сөз сөйлеп, жаңа оқу жылына дайындық аясында топтарда жүргізілген жөндеу жұмыстары, жиһаздардың жаңартылуы, дидактикалық және ойын материалдарымен қамтамасыз етілуі, сонымен қатар ойын алаңдарының қауіпсіздігі туралы есеп берді.
Кеңес мүшесі Қуанышбек Б топтардағы ойыншықтар мен жиһаздардың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай екенін және заманауи оқыту құралдарының жеткіліктілігін оң бағалады.

Төртінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Райымқұлова Ж балалардың тамақтану менюі, азық-түлік өнімдерінің сапасы мен сақталу мерзімдері, сонымен қатар тамақ әзірлеу технологияларының сақталуы туралы баяндама жасады.
Ата-аналар комитетінің мүшесі Адахан Гүлзат балалардың ас мәзірін мерзімді түрде қадағалап отыру үшін бракераж комиссиясы құрамында Қамқоршылық кеңес мүшелерінің болуын ұсынды.

Бесінші мәселе бойынша меңгерушіс Ж.Базар балабақша ғимаратының қысқы жылыту маусымына дайындығы (жылу жүйесін жуып-шаю, терезелер мен есіктердің жылу оқшаулауы, шатырдың жағдайы) бойынша жүргізілген жұмыстар туралы хабардар етті. Жылу жүйесінің сынақтан өткізіліп, қысқа толық дайын екендігі атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. Қамқоршылық кеңесінің құрамы төмендегі құрамда бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңестің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бірауыздан мақұлдансын және бекітілсін. Жоспардағы іс-шаралардың уақытылы әрі сапалы орындалуы Кеңес мүшелеріне тапсырылсын
3. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындық сапасы және материалдық-техникалық базасының жағдайы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
4. Балабақшадағы ыстық тамақтың сапасы мен әзірлену процесі тұрақты түрде бақылауға алынсын. Кеңес мүшелері арасынан тамақ сапасын ашық бақылайтын комиссия өкілдері белгіленсін.
5. Балабақша ғимаратының қысқа дайындығы есепке алынсын және дайындық деңгейі жоғары деп есептелсін. Ғимараттың жылу режимін күнделікті бақылау жауапты тұлғаларға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: _____ Әділбек Е.

Жауапты хатшы: _____ Әділбекова А